

"Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына шағын кредит беру үшін "КазАгро" Ұлттық басқару холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына кредит беру" бағдарламасы бойынша бюджеттік кредит беру негізгі талаптарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 322 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 6 қазанда № 3694 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 442 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 23.09.2016 № 442 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 175, 180-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 605-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 18.08.2015 № 356 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Облыстық бюджет қаражаты есебінен "Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына шағын кредит беру үшін "КазАгро" Ұлттық басқару холдингі акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік кредит берудің негізгі талаптары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (ММ) "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" ММ бірлесіп:

1) "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" акционерлік қоғамының Қостанай филиалымен қарызгердің барлық есептерін акцепсіз шығынға жазу құқығымен шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету талаптарына кредиттік шарт (келісім) жасасын;

2) кредиттік шарттарды (келісімдерді) тіркеуді, есепті, мониторингті және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы кредиттік шарттардың (келісімдердің) орындалуын бақылауды, бюджеттік кредитті облыстық бюджетке қайтаруды қамтамасыз етсін

4. алынып тасталды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.07.07 № 250 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

С. Кулагин

КЕЛІСІЛДІ

"Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" акционерлік қоғамы
Қостанай филиалының директоры

_____ М. Сұлтанғазин

2009.09.03

Әкімдіктің
2009 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 322 қаулысына қосымша

"Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына шағын кредит беру үшін "КазАгро" Ұлттық басқару холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттік кредитберудің негізгі талаптары

1. Мақсаты – шағын және орта бизнеске басым бағыттар бойынша кредит беру.

2. Бюджеттік кредит беруге қатысушылар мыналар болып табылады:
кредитор – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес кредит беретін тарап – Қостанай облысының әкімдігі;

бағдарлама әкімшісі – "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы";

қарызгер – негізгі қарызды өтеу және сыйақыны, сондай-ақ кредиттік шартқа сәйкес өзге де төлемдерді төлеу бойынша міндеттеме алатын кредиттік шарттың кредит алушы тарабы – "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" акционерлік қоғамы;

түпкі қарызгер – Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар (шағын және орта бизнес субъектілері), осы қаулымен

белгіленген талаптарда "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" акционерлік қоғамымен берілетін бюджеттік кредит алушы.

Сенім жүктелген өкіл (агент) - тапсырма шартының негізінде кредитордың (сенімгердің) атынан және оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды жасайтын тұлға

3. Түпкі қарызгер қызметтерінің негізгі бағыттары және бюджеттік кредиттеуге жататын инвестициялық жобалар:

мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын дамыту;

қайта өңдеу өнеркәсібі;

ауылдық жердегі халыққа қызмет көрсету;

4. Бюджеттік кредит Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен беріледі.

5. Кредиттің мөлшері:

бюджеттік кредит қарызгерге Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының тиісті шешімімен көзделген сома шегінде беріледі – 50 (елу) миллион теңге;

бюджеттік кредит қарызгерге тиісті қаржы жылына қарастырылған және Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен бекітілген сомасы шегінде беріледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.07.07 № 250 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6. Бюджеттік кредит беру мерзімі:

кредит берудің шекті мерзімі – 5 жылға дейін;

бюджеттік кредит мерзімі бюджеттік кредит қаражатының бағдарлама әкімшісінің есепшотынан аударылған сәттен басталады.

7. Кредитті игеру кезеңі – ақша қаражаттарды алу күнінен бастап 4 ай.

8. Қарызгерге сыйақы мөлшерлемесі кредит берудің тіркелген тұтас мерзіміне белгіленеді және жылдық 1 пайыздан аспауы қажет.

Түпкі қарызгерге сыйақы мөлшерлемесі кредит берудің тіркелген тұтас мерзіміне белгіленеді және жылдық 10,5 пайыздан аспауы қажет.

9. Кредиттік шартта жеңілдік кезеңін беру көзделуі мүмкін, яғни қарызгер кредитті қайтаруды жүзеге асырмайтын мерзім ішінде бюджеттік кредит мерзімі құрамына кіретін уақыт кезеңі. Жеңілдік мерзімінің ұзақтығы бюджеттік кредит мерзімінің ұзақтығының үштен бірінен аспауы қажет.